	«Ш.Уәлиханов атындағы КУ» КеАҚ НАО «КУ им. Ш. Уалиханова»	КУ ДҚ 21 СД КУ 21	Басылым: бірінші Издание: первое
			4 беттің 1 беті

БЕКІТІЛДІ
"Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау
университеті" КеАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(23.06.2021 ж. № 11 хаттама)
(2023 жылғы 20 шілдедегі
өзгерістермен, хаттама №6)

"Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті" КеАҚ оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер беру туралы ереже

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы "Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті" КеАҚ оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер беру туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) білім алушыларды әлеуметтік қолдау мақсатында әзірленді.

Жеңілдік - бұл Ережеге сәйкес белгілі бір кезеңге білім беру қызметтерінің бағасы төмендейтін сома.

Университет демеушілік және қайырымдылық көмектен алатын және ҚР қолданыстағы заңнамасымен рұқсат етілген білім беру және өзге де ақылы қызметтерді іске асырудан түсетін қаражат оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер беру көздері болып табылады.


Білім алушылар келесі міндетті шарттар мен негіздер бойынша оқу¹ үшін ақы төлеу бойынша жеңілдіктер алу мүмкіндігі бар:

Кесте 1. Әлеуметтік жеңілдіктер

№	Санаттар	Жеңілдіктер мөлшері	Жеңілдік алу үшін қажетті құжаттар	Нормативтік құжат
1	Жетім балалар, қамқоршысы жоқ және қамқорлығында емес балалар үйінің тәрбиеленушілері қатарындағы (23 жасқа дейінгі) білім алушылар	75%, жатақханада тегін тұру	1. Жеке куәлік көшірмесі 2. Ата-анасының қайтыс болуы туралы куәліктің немесе ата-ана құқықтарынан айыру туралы шешімнің көшірмесі 3. Балалар үйінен анықтама 4. Қамқорлықтың немесе қамқоршылықтың жоқтығы туралы анықтама (қорғаншылық және қамқоршылық органдарынан)	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 (өзгертулер мен толықтырулармен 20.11.2019 ж. № 859) Қаулысы.

¹ Жеңілдік оқу жылына есептеледі



	«Ш.Уәлиханов атындағы КУ» КеАҚ НАО «КУ им. Ш. Уәлиханова»	КУ ДҚ 21 СД КУ 21	Басылым: бірінші Издание: первое
			4 беттің 2 беті

2	Бала кезінен мүгедектер, бір ата – анасы бар 1 немесе 2 топтағы мүгедектер (23 жасқа дейінгі)	50%, жатақханада тегін тұру	1. Мүгедектік туралы анықтама 2. Жеке куәлік көшірмесі 3. Туу туралы куәліктің көшірмесі 4. Ата-анасының біреуінің қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі немесе ата-анасының біреуін ата-ана құқықтарынан айыру туралы шешім	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысы (өзгерістер мен толықтырулармен 20.11.2019 №859)
3	Бала кезінен мүгедектер, бір ата-анасы бар 1 немесе 2 топтағы мүгедектер (23 жасқа дейінгі)	30%, жатақханада тегін тұру	1. Мүгедектік туралы анықтама 2. Жеке куәлік көшірмесі 3. Туу туралы куәліктің көшірмесі	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысы (өзгерістер мен толықтырулармен 20.11.2019 №859)
4	4 және одан да көп баласы бар көп балалы отбасылардан (23 жасқа дейінгі) ² білім алушылар	10%	1. Студенттердің жеке куәліктерінің көшірмелері 2. Туу туралы куәліктің көшірмелері 3. Отбасы құрамы туралы тұрғылықты жерінен анықтама 4. Асырауындағы балалардың оқу орнынан анықтамалар 5. Екі ата-ананың табысы туралы ақпарат ³ 6. Ата-анасының біреуінің қайтыс болғаны туралы куәліктің немесе ата-анасының біреуін ата-ана құқықтарынан айыру туралы шешімнің көшірмесі (бір ата-анасы бар көп балалы отбасылардан шыққан білім алушылар үшін)	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысы (өзгерістер мен толықтырулармен 20.11.2019 №859)

Кесте 2. Спорттық жетістіктері бар білім алушылар үшін жеңілдіктер


№	Санаттар	Жеңілдіктер мөлшері	Жеңілдік алу үшін қажетті құжаттар
1	"Халықаралық дәрежедегі ҚР спорт шебері" және "ҚР спорт шебері" біліктіліктері бар білім алушылар	10%	1. Студенттің жеке куәлігінің көшірмесі 2. Біліктілікті беруді растайтын құжат


2. ОҚУҒА АҚЫ ТӨЛЕУ БОЙЫНША ЖЕҢІЛДІКТЕР БЕРУ ТӘРТІБІ

Жеңілдіктерге үміткер білім алушы университеттің ресми сайтындағы "Жеңілдіктер" қосымшасына кіреді немесе сілтеме бойынша өтеді <https://discounts.shokan.edu.kz/>, онда Платонус логині мен паролін енгізеді.

² Жеңілдіктің бұл түрі барлық балалары білім алушы болып табылатын отбасыларға беріледі

³ Жан басына шаққандағы орташа табыс ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен



	«Ш.Уәлиханов атындағы КУ» КеАҚ НАО «КУ им. Ш. Уәлиханова»	КУ ДҚ 21 СД КУ 21	Басылым: бірінші Издание: первое
			4 беттің 3 беті

Білім алушыға оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер беру туралы процедурамен танысып, **"өтінішті жіберу, санатты таңдау, қажетті құжаттарды тіркеу"** батырмасын басу қажет.

Оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер беру туралы өтініш беру мерзімі "Жеңілдіктер" қосымшасына кіргеннен кейін басты бетте көрсетілген.

5 жұмыс күні ішінде өтініш пен қоса берілетін құжаттарды 1-3-кестелерге сәйкес институт/мектеп директоры қарайды. Процедураның кезеңдері "Жеңілдіктер" қосымшасындағы **"Өтініш"** мәртебесінде көрсетіледі. Қате құжаттар жүктелген жағдайда білім алушы 5 күн ішінде түзетілген құжаттарды қайта жүктеуі тиіс.

Әрбір институт / мектеп өтініштерді қабылдауды тіркеу журналын жүргізеді.

Оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер беру үшін Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен Комиссия құрылады.

Институт/мектеп директоры өтініштерді қолдаған кезде білім алушылардың тізімін түсіреді және Комиссияның қарауына ұсынады.

Комиссия "Жеңілдіктер" қосымшасындағы барлық өтініштерді бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Комиссияның отырысы оның мүшелерінің кемінде 2/3-і қатысқан кезде заңды деп есептеледі. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, оған Комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

Комиссия төрағасының ұсынысы негізінде Басқарма Төрағасы-ректордың бұйрығы шығарылады. Бұйрық жобасын Офис регистратор басшысы дайындайды. Комиссия жұмысының нәтижелері туралы бұйрық сайтта жарияланады. Жеңілдіктер беру туралы бұйрықтың негізінде білім алушылармен білім беру қызметтерін көрсету туралы шартқа қосымша келісім жасалады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ережеде ескерілмеген ерекше жағдайларда жеңілдіктер беру құқығы Ғылыми кеңесте қалады.

Оқу тәртібін бұзумен, басқа ЖОО-ға ауысумен, тұрғылықты жерін ауыстырумен немесе өз қалауы бойынша оқудан шығарылған білім алушылар университетке ағымдағы оқу жылы үшін алған оқу жеңілдіктерінің сомасын өтеуге міндетті.

Осы Ереже мыналарға қолданылмайды:

- Ақмола облысы әкімінің стипендиялары бойынша оқу;
- кәсіпорындар қаражаты есебінен шарттар бойынша оқу.

